

(Соңы. Басы бірінші бетте)

Білім беру сапасын арттыру университетте сапа менеджментінің жүйесін қалыптастырудан басталды. Университет еліміздің жоғары оқу орындарының арасында алғашқылардың бірі болып 2004 ж. сапа менеджментінің жүйесін енгізді. Бұл жүйе бойынша сапаға қатысты оқу - ғылыми жұмыстар мен тәрбие процестері, адам мен қаржы ресурстары және т.б. көрсеткіштер нақты айқындалып, олардың өзара байланыстары мен әсерлері талданып, орындалуы қадағаланып отырады.

Сапа менеджментінің жүйесі көптеген табыстар мен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіншілік туғызды. Қаржылық тұрақтылық қалыптасты, профессор-оқытушылар құрамы нығайды (ғылыми дәрежесі барлар 2004 ж. 34,6 пайыздан 2008 ж. 51,3 пайызға), студенттердің үлгерімі көтерілді. (2004 ж. 81 пайыздан 2008 ж. 91 пайызға) бітірушілерге сұраныс жоғарылады. (жұмысқа қабылдануы - 86 пайыз), ғылыми-

Құрамында германиялық белгілі университеттердің 7 профессоры, Германия өнеркәсібінің өкілі және «ASIN» агенттігінің 2 қызметкері бар сараптық комиссия 2008 ж. наурыз айында университетте аудит өткізді.

Сараптық комиссия аудиттік жұмысы бойынша қорытындысында университеттің білім беру қызметі туралы алдын-ала ой-пікірімен бөлісті.

Комиссия тарапынан университеттің көсіпорындарымен тығыз байланысы, оның ішінде студенттердің тәжірибелік дағдыларын арттыру мақсатында құрылған оқу-ғылыми-өндірістік кешендерінің маңызы зор екенін, сонымен қатар осындай кешендер құрылған өндірістермен бірге атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігінің жоғары екендігі атап өтілді. Комиссия, өнеркәсіптік өндірістердің өкілдері университетте даярланатын мамандардың заманауи талаптарға сай, білім деңгейі жоғары екенін және оларды қанағаттандыратынын жасырмады.

ломдық жобалардың барлығы бизнес-жоспармен тұжырымдалатыны қызу қолдау тапты. Жобадағы шешімдерді банкі талаптарына сай орындау, олардың құндылығын арттырып, өндірісте пайдалануға дайындығы комиссияға оң әсер қалдырды. Сарапшылар бұл тәжірибе германиялық жоғары оқу орындарына пайдалы болатынын жеткізді.

Университеттегі басқарудың демократиялық принциптері де оң бағаланды. Әсіресе, комиссия оқытушылар мен студенттер арасында әріптестік қарым-қатынастардың қалыптасқанын жеке кездесу және сұхбаттасу барысында студенттердің өздері жеткізгендерін жасырмады.

Аудит кезінде сараптық комиссияның жинақтаған ақпараттары мен мәліметтері бойынша германиялық «ASIN» агенттігінің жоғары органы - төралқасы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 7 мамандығы - Бейорганикалық заттардың химиялық техно-



шылық ерен еңбегінің жемісі. Оқытушылардың біліктілігін арттырудан, олардың сапаға көзқарасын өзгертуден бастап оқу ғимаратының халықаралық талаптарға сай жөндеуден өткізуге дейін қыруар қызмет

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ - БИІККЕ БЕТТЕГЕН БІЛІМ ОРДАСЫ



зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемі өсті. (2004 ж. 23 млн. теңгеден 2008 ж. 243 млн. теңгеге). Қол жеткен табыстардың нәтижесінде Қазақстанның жоғары оқу орындарының рейтингі бойынша соңғы жылдары университет 24 орыннан алдыңғы бестіктің қатарына қосылды. Университеттің имиджі көтеріліп, беделінің артуы арқасында бізде оқығысы келетіндердің саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Мысалы, 1 курсқа мемлекеттік білім беру гранты бойынша 2005 ж. - 1419, 2006 ж. 1784, ал 2007 ж. - 2375 студент қабылдап, грант иегерлерінің саны бойынша соңғы жылдары 3 орынды иеленіп келеді.

Қол жеткізген жетістіктерімізді негізге ала отырып, университеттегі білім беру сапасының деңгейін білу, оның халықаралық талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында бірқатар білім беру бағдарламаларын - мамандықтарды халықаралық аккредиттеуге ұсынуға шешім қабылдадық. Аккредиттеуге ұсынылған мамандықтар: Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы, қиын балқитын металл емес және силикаттық материалдардың химиялық технологиясы, Химия, Экология, Биотехнология, және азық-түлік өнімдерінің технологиясы.

Аккредиттеуден өтуі үшін жоғарыда аталған мамандықтарға бағыты сай келетін, аккредиттеуге тәжірибесі мол, рейтингі жоғары, білім сапасын бағалау қауымдас-тығында танымал германиялық «ASIN» аккредиттеу агенттігі таңдалды.

Германиялық «ASIN» агенттігіне 2006 ж. халықаралық аккредиттеуден өту туралы өтініш білдіріп, 2008 ж. наурыз айына дейін университет агенттікпен тығыз байланыста болып, аккредиттеуге дайындық жұмыстарын жүргізді.

Комиссияға ұнаған тағы бір жай - ол студенттердің дипломдық және курстық жобаларының (жұмыстары) сапасы. Жобалардың мазмұндылығы, көтерілген мәселенің өзектілігі және студент тарапынан қабылданған техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдер сарапшылардың жоғары бағасына ие болды. Дип-

логиясы, Балқуы қиын металл емес және силикаттық материалдардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы, Химия, Биотехнология, Экология, және Азық-түлік өнімдерінің технологиясы бойынша білім беру сапасы халықаралық талаптарға сай деп қаулы қабылдап, олардың халықаралық аккредиттеуден өткені туралы сертификат берді.

Университет үшін 7 мамандықтың халықаралық аккредиттеуден өтуі үлкен маңызы бар жағдай. Бұл халықаралық әріптестікке жол ашатын, оны дамытуға септігін тигізетін қадам, университеттің өлемдік білім беру кеңістігінде танымалдығын арттыратын табыс. Аймақтық университеттің білім беру сапасын көтерудегі табысы - халықаралық талаптарға сай мамандар даярлау мүмкіншілігі оңтүстік аймақтың экономикасын дамытуға үлес қосатынын айдан анық.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің халықаралық дәрежедегі жетістігін Қазақстан Республикасына білім беру сапасын арттыруға қосқан үлесі деп білеміз. Елімізде білім беру жүйесіне аса көңіл бөліп, ұстанып отырған саясатына сай. Қазақстан жоғары оқу орындарының жоғары сапалы мамандар даярлау мүмкіншіліктері үлкен екеніне күмәніміз жоқ.

Университеттің халықаралық аккредиттеудегі табысқа қол жеткізуі оңай болған жоқ. Бұл университетте ұжымның соңғы жылдары атқарған тынымсыз, шығарма-

атқарылды. Білім беру және ғылыми зерттеу зертханалары жаңа аспаптар және құралдармен қайта жабдықталды. Білім сапасын көтеру мақсатында оқу процесі мен ғылыми ізденістерді тығыз ұштастыруға қол жеткізілді. Оқулықтар мен оқу құралдарының қоры көбейтіліп, университет оқытушылары қосымша оқулықтар мен әдістемелік нұсқама дайындады. Шет тілде білім беру қолға алынып, өзінің оң нәтижесін берді.

Білім беру сапасын арттыру мақсатында күнделікті өсіп отырған талаптарға сай жаңа құрылымдар: Сапа қызметі, Мониторинг және талдау бөлімі, Карьера және маркетинг орталығы, аккредиттелген «Сапа» орталығы, инновациялық орталықтың негізгі мақсаты - инновациялық технологиялар жасаудан студенттерге инновациялық білім беруге қол жеткізуді ұштастыруды қамтамасыз ету деп белгіледік.

Жеткен табыстарымызға тоқмейілсімей, жетістіктерімізді дамытуды мақсат тұтып, бәсекелестікке қабілетті мамандар дайын - дауды жетілдіруге болашағымызға жоспарлар құрып отырмыз. Олар халықаралық ынтымақтастықты, шет тілінде білім беруді дамыту, материалдық - техникалық базаны нығайту, ғылымның басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүргізу, жоғары дәрежелі профессорлық - оқытушылар құрамын қалыптастыру.

Дархан САБЫРХАНОВ,
ОҚМУ оқу ісі бойынша
проректоры.



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ - БИІККЕ БЕТТЕГЕН БІЛІМ ОРДАСЫ

Білім беру жүйесі әрбір мемлекеттің дамуының басым бағыты екені бәрімізге белгілі. Өйткені елдің экономикасы, мәдениеті, өнері және тарихы білімді азаматтарының арқасында өркендеп дамыды. Әсіресе, бұл мәселенің маңызы нарықтық экономиканың бәсекелестік жағдайында артып отыр.

Біліктілігі жоғары мамандар дайындаудағы бәсекелестік оқу орындарында үлкен міндеттер жүктеп отыр. Өйткені нарықтық экономика жағдайында жоғары оқу орындарын бітіруші мамандарға біліктілік талаптары күннен-күнге өсіп отырғаны белгілі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетіндегі «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» лекциясында жаһандану-ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне өте жоғары талаптар қоятынын,

елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикалық емес маңызды құбылыстардың экономикалық салдарын бағалайтын көрсеткіші. Ұлттар қоғамдық құндылықтар жүйесімен және білім беру жүйесімен де бәсекелестіні, жаһандану жағдайында білім беру ұлттық басымдық категориясынан әлемдік басымдық категориясына айналып отырғанын атап айтты.

Білім беру жүйесін назардан тыс қалдырмай, еліміздің дамуының басым бағыты санайтын елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «даярланып жатқан мамандар халықаралық талаптарға сай болуы тиіс» деп міндеттерімізді нақтылап берді.

Университет ұжымы аталған нақты міндеттердің орындалу жолдарын табуда аянбай еңбек етіп келеді. Университет ректоры, жоғары білім жүйесінің белгілі де көрнекті ұйымдастырушысы Уәлихан Қозыкеұлы Бішімбаев даярланатын мамандардың халықаралық талаптарға сай болуын қамтамасыз ету - ең қиын және биік мақсат, бірақ алынбайтын «қамал» емес екендігіне ұжымның көзін жеткізе білді. Мақсатқа жету жолдарын талдай отырып, білім беру сапасын арттыру - бір екпінмен емес, жүйелі түрде шығармашылық ізденістермен атқарылатын қызмет екендігін түсіндік.

(Жалғасы 3-бетте)

